

**«Elorda Aqparat» ЖШС қызметінде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Астана қаласы әкімінің аппараты 2026 жылғы 31 наурызда бекіткен Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (ВАКР) жүргізу кестесіне сәйкес және 2026 жылға арналған №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» Үлгілік базалық бағытын іске асыру шеңберінде, сондай – ақ «Elorda Aqparat» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) директорының бұйрығын орындау үшін ағымдағы жылдың 4 мамырдан 17 маусымға дейін «Elorda Aqparat» Жұмыс тобы ЖШС қызметіне ВАКР өткізді.

Ішкі талдау Үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді, нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтады.

ВАКР дайындау және өткізу барысында мынадай рәсімдер жүзеге асырылды: оны интернет-ресурсында және әлеуметтік желілерде жариялау; ВАКР өткізу туралы бұйрық шығару; БАҚ-та алдын ала хабарландырумен ВАКР нәтижелерін жария талқылау; ВАКР нәтижелері бойынша осы талдамалық анықтама дайындау.

ЖШС-нің негізгі қызметі азаматтардың қаламен ел өмірінің түрлі қоғамдық мәселелері бойынша объективті ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету үшін баспа басылымдары мен интернет-ресурстарда жаңалықтар басып шығару болып табылады. «Elorda Aqparat» ЖШС мемлекеттік қызмет көрсетпейді, рұқсат беру және бақылау функциялары жоқ. Сондықтан аталған бағыттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін емес. Аудит жүргізу барысында сыбайлас жемқорлыққа тән ең жиі кездесетін факторларға ерекше назар аударылды. Құқықтық олқылықтар, яғни ішкі құжаттарда қандай да бір мәселенің құқықтық реттелуінің болмауы анықталған жоқ. Ішкі құжаттар қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан тұрақты түрде қайта қаралып, жаңартылып отырады. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің өкілеттіктері лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалған, онда лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілік белгіленген. Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібіне қатысты мәселелер реттелген. Тәртіптік жазасы алынбаған қызметкерлерге сыйақы берілген фактілері анықталған жоқ. Болмашы құқық бұзушылық үшін тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастаудың 1 фактісі тіркелді. Сыйақы қызметкерлердің жұмыс нәтижелеріне қарай жүзеге асырылады.

Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру мен бөлу мәселелері, сондай-ақ қаржылық есептер алқалы орган – Бақылау кеңесі тарапынан бекітіледі. Мемлекеттік сатып алулар және тауарлар мен қызметтерді сатып алу қолданыстағы қағидалар мен ішкі жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс ұйымдастырылған: ағымдағы жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты қажетті ішкі құжаттар әзірленген, түсіндіру және ақпараттық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту жағдайлары анықталған жоқ. Қызметкерлерге қатысты жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ.

Аудит барысында қолданыстағы барлық ішкі нормативтік құжаттар, атап айтқанда Жарғы, қолданыстағы ережелер, Есеп саясаты және лауазымдық нұсқаулықтар қаралды.

2023 жылғы желтоқсанға қарай қолданыстағы заңнамадағы новеллаларға сәйкес Есеп саясаты толығымен жаңартылды. Бұдан өзге, 2023 жылдың желтоқсан айына дейін 9 құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып жаңартылды:

- Ішкі әртібі туралы Ереже;
- Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі туралы Ереже;
- «Elorda.Info» жеңбек телілік басылымының редакциясы туралы Ереже;
- Дербес деректер жинау, өңдеу және қорғау туралы Ереже;
- Кадр саясаты туралы Ереже;
- Әкімшілік-басқару персоналы туралы Ереже;
- «Астана ақшамы» газетінің редакциясы туралы Ереже;
- «Вечерняя Астана» газетінің редакциясы туралы Ереже;
- Қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы Ереже.

«Elorda Aqparat» ЖШС жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясы туралы ереже қолданыстағы заңнамадағы өзгерістерге сәйкес жаңартылды (*келісім комиссиясы отырысының 20.09.24 хаттамасымен бекітілген*) – 2024 жылғы ВАКР анықталған тәуекелдерді жою жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде.

Лауазымдық нұсқаулықтар 2025 жылы 2024 жылғы ВАКР анықтаған тәуекелдерді жою жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде жаңартылды.

• **Талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кадрлық сәйкестікке ерекше назар аударылды. Іс жүргізу екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Серіктестік қызметкерлерінің жалпы саны штат кестесі бойынша 70 бірлікті құрайды. Ішкі актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау мәселелерінің реттелмеуі анықталған жоқ. Бос орындар болған жағдайда, Enbek.kz сайтына хабарландыру мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады. Бос жұмыс орындары туралы ақпарат Қатысушығада (уәкілетті органға) ІСБ (ішкі саясат басқармасы) жіберіледі. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553-бұйрығы), сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмысқа қабылдау кезінде еңбек шарты жасалады, ал басқа лауазымға ауысқан кезде еңбек шартына қосымша келісім жасалады. Алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу анықталған жоқ.

Еңбекақы төлеу туралы Ережеге сәйкес, өзінің лауазымдық міндеттерін сапалы, адал, тиімді орындағаны үшін тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау жағдайларын қоспағанда, сыйлықақы беру кезінде тәртіптік жазасы бар қызметкерлерге сыйлықақылар төленбейді.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, қызметкерлерді талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша көтермелеу анықталған жоқ.

Бұйрықтар, қызметтік жазбалар тиісті түрде ресімделеді және тіркеледі, журнал жүргізіледі.

Қазіргі уақытта ЖШС-де ЭКЖ - электрондық кадр жүйесі енгізілді. Барлық кадрлық жұмыс электрондық форматта және деректерді бірыңғай базаға енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Талдау көрсеткендей, үлестес лауазымдар фактілері жоқ, Серіктестік басшылығы жұмысқа қабылдаған қызметкерлерде үлестес мүдде жағдайлары анықталмады. Жұбайларының бірлесіп жұмыс істеу фактісі бар – ол 2024 ж. тамыз айында анықталды (бас бухгалтер М.Жабаева және шаруашылық бөлімінің меңгерушісі А.Шерімбетов, екі қызметкер де - материалдық жауапты тұлғалар). Ықтимал мүдделер қақтығысын болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу үшін олар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 14-бабының мазмұны туралы хабарландырылды, тиісті мәселе АУП жиналысында көтерілді. ЖШС-де А.Шерімбетовті басқа лауазымға ауыстыру үшін бос жұмыс орындары жоқ, М.Жабаеваға 2024 жылғы 2 желтоқсандағы еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес жүктілігі және босануы бойынша отпуск берілді. Демалыс аяқталғаннан кейін а.ж. 2 маусымында бухгалтер М. Жабаева жұмысқа шықты. Мәселе АУП жиналысында қайта көтерілді. Алайда, басқа лауазымға ауысу үшін қолайлы бос орындар жоқ, жұмыстан босату мәселесі қажет емес – ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған бес баланы тәрбиелейді, олардың бірінің даму ерекшеліктері бар. Қазіргі уақытта бухгалтер М.Жабаева жүктілікке және босануға байланысты кезекті демалысын рәсімдеуге дайындалуда.

Ішкі нормативтік құжаттар бойынша алдыңғы аудиттер барысында берілген барлық ұсынымдар толық көлемде орындалды.

Персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2026 жылғы маусым айынан бастап еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістер күшіне енді. Атап айтқанда, егер шартта еңбек шартының кемінде бір белгісі болса, жеке тұлғамен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (АҚСШ) жасасуға тыйым салынды. Осыған байланысты қолданыстағы АҚСШ-ларды заңнама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындады.

Бұдан басқа, уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін атқару (алмастыру) алмастырушы қызметкердің лауазымдық міндеттеріне кірген жағдайда, жұмыс берушінің мұндай жұмысы үшін қосымша ақы төлемеуіне мүмкіндік беретін норма алып тасталды. Сәйкес келетін өзгерістер ЖШС-нің ішкі құжаттарына да енгізілуі тиіс.

Ұсынылды:

- 1. Қолданыстағы азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды еңбек шартының белгілерінің бар-жоғы тұрғысынан қайта қарау. Қажет болған жағдайда штаттық кестеге тиісті өзгерістер енгізе отырып, шарттарды қайта жасасу.*
- 2. Еңбекақы төлеу мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды қайта қарау.*
- 3. Ұжымдық шарт жасасу мәселесін қайта өзектендіру.*

- Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Осы бағыт шеңберінде қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты материалдар зерделенді.

Осы бағыт шеңберінде қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты материалдар зерделенді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша таза табыстың 70% Астана қаласының бюджетіне аударылды. Табыс заңды, жеке тұлғалардан және депозиттік шоттан

көрсетілген ақпараттық қызметтер үшін төлемдерден қалыптастырылады. Мәселен, 2023 жылғы желтоқсанға қарай қолданыстағы заңнамадағы новеллаларға сәйкес Есеп саясаты толығымен жаңартылды. 2023 жылғы ВАКР ұсынымдарын орындау үшін шарттық жұмыс туралы Ереже әзірленді және бекітілді. Ақылы ақпараттық қызметтер бойынша Прайс-парақ бар. 2024 жылғы аудиттің ұсынымдары бойынша шарттарды дайындау және жасасу, шарттық жұмысқа байланысты құжаттарды есепке алу және сақтау, оны жүзеге асыру үшін жауапкершілік мәселелерін реттеу үшін шарттық жұмыс туралы Ереже әзірленді және бекітілді.

2024 жылғы ВАКР ұсынымдарын орындау үшін негізгі құрал бойынша толық ақпаратты көрсете отырып, негізгі құралдар объектілеріне есепке алудың түгендеу карталары қалыптастырылды – объектінің атауы, түгендеу нөмірі, амортизациялық топ, паспорт, есепке алу немесе есептен шығару күні, есепке алу шоты, объектінің орналасқан жері, пайдалану мерзімі, қайта бағалау нәтижелері (егер ол жүргізілген болса) және т. б.

Бұдан басқа, бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларына сәйкес газеттерді өткізуді есепке алу жөніндегі есептілікте анықталған бұзушылықтар жойылды. Сондай-ақ, 2025 жылғы ВАКР ұсынымдарына сәйкес бухгалтерия бастапқы құжаттарды тапсыру кестесін әзірледі.

Ұсынылды:

- 1. Жауапты қызметкерлердің бухгалтерияға бастапқы есептік құжаттарды белгіленген кестеге сәйкес уақтылы тапсыруын қамтамасыз ету.**

Қорытынды.

«Elorda Aqparat» ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша ішкі құжаттарда елеусіз сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Оларды жою мақсатында әкімшілік-басқару бөлімшесіне тиісті ұсынымдар берілді. Сонымен қатар, аталған ұсынымдарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленетін болады..

ВАКР нәтижелері бойынша осы талдамалық анықтаманы ұжым талқылайды, содан кейін ЖШС ресми сайтында орналастырылады.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру мақсатында серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылды.


Жұмыс тобының мүшелері:

 **О. Сулейменов**

 **М. Удод**

 **А. Кальжанов**

 **Ш. Тасымова**

 **А. Журкенова**

 **А. Жумабаева**

 **О. Сыдықбек**

**Комплаенс-қызметіне жауапты
Директор**

